

Ф. М. Ашимханова, тілдік дайындық кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, полиция лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЗАҢГЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ

Сөйлеу шеберлігі — кез келген мамандық иелерінің, әсіресе заңгерлердің, кәсіпкерлердің, дикторлардың, журналистердің, саясатшылардың кәсіби деңгейінің ең маңызды көрсеткіші. Сөйлеу шеберлігі сөз мәдениеті, сөйлеу қатынастары процесінде маңызды рөл атқарады, сондықтан да ол өз мамандықтарына сай адамдармен жұмыс жасап, олардың қызметтерін ұйымдастыратын және басқаратын, іскерлік келіссөздер жүргізетін, тәрбиелеу, оқыту, емдеу, т. б. түрлі тұрмыстық қызмет көрсететін адамдарға ауадай қажет. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады.

Қазіргі таңда заңгердің көмегіне жүгінбейтін әлеуметтік саланы табу мүмкін емес. Олар заң шығару, орындаушы және сот билігінде, прокуратура мен адвокатурада қызмет етеді. Кәсіпорындарда, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-зерттеу, білім беру мекемелерінде, коммерциялық құрылымдарда, қоғамдық бірлестіктерде құқықтық бөлімдер, бюролар ашылған, заңгер қызметіне арнайы штат бөлінген. Заңгерлер заңнамалық және заң шығару органдарының басқа да комитеттерін басқарады. Олардың барлығы да қызмет барысында қарым-қатынасқа түседі.

Зерттеушілер тілдесімнің негізгі мынадай қызметтерін көрсетеді:

- 1) ақпараттық-коммуникативтік (ақпаратты қабылдау және жеткізу);
- 2) реттеушілік-коммуникативтік (бірлескен әрекет үдерісінде әрекеттерді өзара түзету);
- 3) аффективті-коммуникативтік (эмоционалдық қатынастың жеткізілуі)

Құқықтық саладағы коммуникацияның негізгі ерекшеліктері мыналар болып табылады:

Тілдік әрекеттің ауызша формада дамуы. Ауызша форма заңгердің сөз болып отырған жағдайды тікелей, неғұрлым толық қабылдауына мүмкіндік береді.

Тілдік әрекеттің құрылымдық жағынан құқықтық құралдардың көмегімен нақты өмірдегі қарастырылып отырған, шешілуге тиіс жағдайға байланысты ұйымдастырылуы.

Заңгерлік тілдік қатысымның нормативті түрде реттелуі және тілдік құралдардың құқықтық реттеудің пәні мен әдісіне қарай таңдалуы.

Заңгердің тілдік әрекетінің құқықтық ережелермен анықталатын кеңістіктік-уақыттық шектеулілігі.

Кәсіби тілдік қатысымның міндеттілік сипаты (заңгердің белгілі бір құқықтық мәселені шешуде міндетті әрекеті арқылы қамтамасыз етілетін қатысым).

Заңгердің бүкіл қызметі заң шығару, тергеу жүргізу, үкім шығару, айыпталушының құқығын қорғау, құқықтық ережелерді жүзеге асыру, түсіндіру бәрі де адамдар арасында қарым-қатынасты дамыту үдерісінде жүзеге асады. Ол бірлескен әрекет қажеттіліктерінен туындайды, сондай-ақ ақпарат алмасуды, бір адамның басқаны қабылдауы мен түсінуін, кәсіби заңгерлік әрекетте өзара әрекет етудің бірыңғай стратегиясы мен тактикасын қалыптастыруды қамтиды.

Заңгердің сөйлеу шеберлігіне мыналар енеді:

Нормативтілік немесе тілдесімнің дұрыстығы, яғни ойын әдеби тіл нормасына сәйкес жеткізе білу шеберлігі.

Нақтылық. Заңгер қатысымы процессуалдық ережелердің талаптарына сай болуы тиіс.

Логикалығы — ой құрылымы тілдік элементтердің семантикалық байланыста болуынан байқалатын қатысымның коммуникативтік сипаты. Баяндау логикасының сақталуы немесе бұзылуы тілдесімді қабылдаушылардың жағдайды түсінуіне тікелей ықпал етеді.

Тіл тазалығы. Заңгер қатысымында әдеби тілге жат элементтері қолданылмайды, сондай-ақ сөздер орынды қолданылады.

Анықтық және түсініктілік. Анықтыққа құжаттың нақты композициясы, баяндаудың логикалық жақтан дұрыс құрылуы, аргументтердің дәлелділігі арқылы қол жеткізіледі. Сондай-ақ құжаттарда күрделі ойды жеткізу үшін күрделі синтаксистік құрылымдарды пайдалануды көздейді.

Тіл байлығы. Бұл коммуникативті мақсатқа қол жеткізу үшін әртүрлі тілдік құралдарды пайдалану. Қатысымда сөздер неғұрлым дұрыс қолданылса, соғұрлым онда ақпарат мол болмақ.

Көркемдік. Тіл көркемдігіне мына құрылымдық элементтердің көмегімен қол жеткізіледі: тілдік фигура, көркемдегіш құралдар (теңеу, эпитет, ирония және т. б.) және эстетикалық жағынан жетілген стиль. Шешендік сөздерде бейнелі эпитеттер, образды теңеулер, аллитерация, ассонанстар молынан қолданылады.

Қарым-қатынас құралы ретінде тіл қоғамдық-саяси, ресми іскерлік, ғылыми және мәдени өмірдің барлық салаларына қызмет етеді. Тіпті адам қызметінің кейбір салаларында сөйлей білу шеберлігін меңгермей жұмыс істеу мүмкін емес. Сондықтан да заңгер **сөйлеу шеберлік** өнер деңгейін үнемі жоғары ұстап, шеберлікті шыңдай түсуге тиіс.